



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№6 (1393)
4 наурыз
2011 жыл

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Ғалымқайыр МҰТАНОВ,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың ректоры

Әйелдер – Ұлт тәрбиешісі

Құрметті, Ханымдар!

Сіздерді айшықты да ажарлы 8 наурыз – халықаралық әйелдер күні көктем мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Қыс қаһары қайтып, күн нұрының жылы лебімен Табиғат-ана әсемдігінің жандана түскен сәтінде келетін мейрам біздер, ер азаматтар үшін аса мерейлі. Өйткені халықаралық әйелдер күні – «бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен» біздің ардақты аналарымыздың, аяулы әпкелеріміз бен сүйікті қарындастарымыздың ұлық күні.

Ұлт тәрбиесінде, ұрпақ болашағында, тәуелсіз Қазақстанның өсіп-өркендеуінде, ғылым-білімде аналар мен аруларымыздың үлесі өте зор. Тарихта, әдебиетте, қоғамда аруларымыздың есімімен тығыз байланысты батырлық пен ерлік, ержүректілік пен батылдық көптеп ұшырасады.

Біздің университет ұжымының тең жартысынан астамы осындай жігерлі де қажырлы нәзік жанды әріптестерімізден құралған. Олардың ұжым бірлігін арттырудағы, мәдениетін қалыптастырудағы, қызмет сапасын көтерудегі өлшеусіз еңбектері ұшан-теңіз. Арулардың жақсылыққа деген ынта-жігері мен махаббаты қасиетті қара шаңырақтың көшбасшылық келбетін сақтауына зор үлес қосып келеді.

Құрметті, арулар! Халықаралық әйелдер күні мерекесінде отбасыларыңызға амандық, ниеттеріңізге тазалық, денсаулығыңізге саулық тілеймін. Шексіз махаббат пен баянды бақытқа ие болуларыңызға тілектеспін!

БІРІНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖОЛДАСБЕКОВ СИМПОЗИУМЫ



1 наурыз - қазақтың біртуар азаматы, қоғам қайраткері, ғылым мен білімнің ұйымдастырушысы, қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақстандағы роботтар механикасы, механизмдер және машиналар теориясы мектебінің негізін қалаушы, академик Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің туған күні. Көзі тірісінде 80-нің сеңгіріне келіп, халқымен бірге мерейтойын мерекелер еді. Бірақ "өлді деуге сия ма ойландаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған" деп Абайша айтар болсақ, дәл осы күні академик рухының өшпегендігін Бірінші халықаралық Жолдасбеков симпозиумы дәлелдеп берді. Жақсының жақсылығын айтып нұрын тасытқан шара Жолдасбеков рухының мәңгілік биік екенін көрсетті. Бұл күні ҚазҰУ-да академиктің 80 жылдығына орай ұйымдастырылған халықаралық симпозиумға отандық және шетелдік ғалымдар қатысып, қоғам қайраткерінің адами және ғалымдық болмысы мен көзқарасын кезек-кезегімен айтып жатты.

Өмірден өзі озса да, аты қалған ғалымды мәңгі жад-дында ұстаған Өмірбек Арысланұлы шәкірттерінің, әріптестері мен ҚазҰУ түлектерінің қаржылай демеушілігінің негізінде симпозиум аясында ҚазҰУ қалашығындағы Студенттер сарайы жанынан академикке арналған ескерткіштің ашылу салтанаты өтті. Академиктің 80 жылдық мерейтойына байланысты өзі негізін қалаған бірден-бір студенттік кампус – ҚазҰУ қалашығында оның ескерткішін орнату ұрпақ пен академик шәкірттерінің құрметі десек те болады. Мүсінің биіктігі – 2 метр, ені – 1,3 метр, тұғыр іргетасы 5 метрден асады. Ескерткішті талантты мүсінші Кәдірхан Кәкімов отандық гранитпен құйған. Ол сонымен қатар Атыраудағы «Сұлтан Бейбарыс», Тараздағы «Ғашықтар» ескерткіштерінің авторы болып табылады.

Ескерткіштің салтанатты ашылуына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Ғалымқайыр Мұтанов, ҚР Парламенті депутаты Ары, Алматы қалалық әкімдігі, ғылыми қоғам өкілдері, Ө.Жолдасбековтің туыстары және оның Ресей, Италия, Германия, Украина, Белоруссия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан елдеріндегі әріптестері және көзін көрген шәкірттері қатысты.

(Жалғасы 3-бетте)

МАЯ БАҒЫСБАЕВА АТЫНДАҒЫ АУДИТОРИЯ АШЫЛДЫ

1 наурызда Бірінші халықаралық Жолдасбеков симпозиумы аясында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде ҚазҰУ қалашығының негізін қалаған реформатор тұлға Өмірбек Жолдасбековтің жары, филология ғылымдарының докторы, профессор Бағысбаева Мая Мұхаммед Алиқызының атындағы аудиторияның салтанатты ашылуы

болды. Профессор атындағы аудиторияның тұсауын игі шараға ұйытқы болған ҚазҰУ-дың ректоры Ғалымқайыр Мұтанов пен замандасының қайраткерлігін ұлықтай келген КСРО халық әртісі, Социалистік Еңбек Ері Бибігүл Төлегенова кесті.

Бибігүл Ахметқызы Мая Бағысбаева университетте қызмет еткен жылдары онымен жиі араласып тұрғандығын, өзара бас қосып, сол

кезде, әсіресе болашақ ана – қыз бала тәрбиесі туралы кеңінен кеңескендерін айта келе: "Мая – өте ұлағатты адам. Оның аналық қасиеті биік болатын. Сол қасиеті оның отбасын үлгілі етті. Ол – академик Өмірбек Жолдасбековтің жары. Екеуі де ұлағатты жандар. Бүгінде ұрпақтары олардың ізін жалғап отыр", - деді.

(Жалғасы 2-бетте)

8 наурыз СІЗ ҮШІН қандай мереке?

Көктемнің келуі ана мейірімі тәрізді. Табиғат-ана да алақан жылуын барынша молайтып, қыстың қатал мінезін жібіте түскендей.

Қыс ашуын басып, табиғаттың қатал мінезі де құдіретті ана алдында өз ілтипатын білдіріп тұрғандай. Себебі көктеммен бірге келетін алғашқы мереке – 8 наурыз халықаралық әйелдер мейрамы табиғаттың ең бір әсем, көрікті мезгілімен сәйкес келеді. Халықаралық әйелдер күні – ол ардақты аналарымыздың, аяулы әпкелеріміз бен сүйікті қарындастарымыздың мейрамы. Ер азаматына қолдау беріп, қашанда қамқор болар аналар еңбегі – ұрпақ әлеуетін арттыруда үлкен тәрбие. Ана жүрегі қандай нәзік, болмысы қандай үйлесімді болса, аруларымыздың қоғамдағы үлесі де соншалықты зор. Көктем келсе арулар мен табиғат сұлулығы сәйкестеніп, жарыса түсетіндей. Дәл осы мерекеді әркімнің жүрегі қуаныш кернеп, мерекелік көңіл күй орнай қалады. Бұл да болса аналарымыздың, әпкелеріміз бен қарындастарымыздың мейірімге толы көркем мінезінің, жылулыққа толы жұдырықтай жүрегінің құдірет күші болса керек. Сол себепті де бұл мерекені өзінше дара әрі қайталанбас етіп өткеруді әр азамат өзіне жүктеп алғандай. Дәл осы мерекеді қолына гүл шоғын ұстап, аруларымызды құттықтауға асыққан серілер саны да молаю түседі. Осы орайда, университеттің оқытушы-профессорлары арасында «8 наурыз сіз үшін қандай мереке?» деген тақырыпта сауалнама жүргіздік. Назарларыңызға солардан үзінді ұсынып отырмыз.

(Жалғасы 4-бетте)



МАЯ БАҒЫСБАЕВА АТЫНДАҒЫ АУДИТОРИЯ АШЫЛДЫ

(Басы 1-бетте)

Алаштың бұлбұлынан кейін Мая Мұхаммед Алиқызының қайраткерлігі, ұстаздығы, еңбек жолы тұрарсында айтылған естеліктер легі жалғаса берді. Кейінгі ұрпаққа өлшеусіз асыл мұра қалдырған ұстаз жайлы ректор Ғалымқайыр Мұтанұлы: "Ұлағатты істі ұлықтауда естеліктер түрлі болады. Ол кітап болуы мүмкін немесе мемориал, ескерткіш тақта болауы мүмкін. Ендеше біз бүгін ғылыми, тәрбиелік маңызы бар естелікке куә болып отырмыз. Профессор Мая Бағысбаева осы шаңырақта өз шәкірттерін қанаттандырып, келбетін қалыптастырды деуге болады. Бұл аудиторияда зертханалық жұмыстармен айналысып, ғылыми мектеп орнатты. Ендеше мұндай аудиторияның ашылуы үлкен тәрбиелік мәнге ие. Мая Бағысбаева еңбектерін әдебиетпен байланыстыратын болсақ, академик Әмірбек Арысланұлының тұлғасының да осы аудиториямен байланысы бар", - деп атап өтті.

Өмірден өтсе де, өшпес мұра қалдырған ғалым еңбегінің бұлайша ұлықталуы ұстаз еңбегінің мәңгілік екендігін айқындайды. Салтанатты ашылу рәсіміне ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті, академик Мұрат Жұрынов, филология факультетінің деканы, профессор Қансейіт Әбдезұлы және университеттің көптеген ғалымдары қатысты. Тұсаукесер барысында филология факультетінің 1-курс студенті Бекзат Сымадияров Мая Бағысбаева рухына арнау оқыса, осы факультеттің 2-курс студенті Джанетта Шанпилова қобыз үнін шырқатты.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

СҮЙІНШІ

Зиялы тұлғаларымыздың адамдық болмысын еске түсіріп, өнегелі азаматтарымыздың өмірін ұрпаққа үлгі ету аға буын алдындағы үлкен борыш. Осы орайда жақында отандық білім және ғылым кеңістігінің көшбасшысы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде Қазақстан ұлттық журналис-тика-сы ғылымы мен білімінің негізін салушы Хайыржан Нұрғожаұлы Бекхожиннің 100 жылдық мерейтойына арналған «Өнегелі өмір» сериясымен жарық көрген кітаптың тұсаукесері өтті.

Игі бастамаға мұрындық болып отырған ҚазҰУ ректоры алғы сөзде: «Осы университеттегі журналистика факультетінің іргесін қалаушылардың бірі, белгілі журналист, публицист Хайыржан Бекхожиннің 100 жылдығына арналған кездесуге жиналып отырмыз. Қара шаңырақ ҚазҰУ-да үлкен бастама қолға алынды. Ұлттық университетте қызмет атқарған азаматтар бір төбе. Біз сол зиялыларымыздың еңбектерін насихаттасақ, бүгінгі жастарға үлгі-өнеге болады», - дей келе публицистің ұстаздық тәрбиесін, жақсылығын көрген қауымға бұл отырғыс алда болашақ мамандарды даярлауда тың серпілістерге бағыт берсін деген тілегін жеткізді.

Көсемсөзшінің көрегендігін саралай келген ардагер-ұстаздар Тұрсынбек Көкішев, Әбілфайыз Ыдырысов және бүгінде қазақ баспасөзінің өрісін дамытып

отырған Жұмабек Кенжалин, Жұмабай Шаштайұлы, Ұлықбек Есдәулет, Бекжан Әшірбаев, Санат Ибраим сияқты апталдай журналист өкілдері кезек-кезегімен сөз алып Хайыржан Бекхожиннің адамдық болмысын аша түсті. Мәселен, Тұрсынбек Көкішев: «Ағамыздың адамгершілігі маған өмір бойы азық болып келе жатыр», - дей отырып, тәуелсіздігіміздің бір анық белгісі ретінде дараларымызды, даналарымызды насихаттай беруге шақырды. Ал Жұмабек Кенжалин шәкірттік ұстазына деген толғанысын: «Бізге ұлы ұстаздар дәріс оқыды. Біз Хайыржан ағамыздан дәріс тыңдап, сынақ тапсырып, тәлім алдық. Ол кісі идеология кезеңінің өзінде «Айқап», «Қазақ» газеттері туралы айтатын», - деп жеткізсе, Самат Ибраим: «Хайыржан ағаның қазақ баспасөзі тарихында алар орны жоғары. Ол кісінің аудиторияны бағындыруы, өзін-өзі ұстауы ерекше дараланып тұратын еді. Мәдениетті, білімді ұстаздардан дәріс алғаныммен мақтанамын», - деген пікірін айтты. Осы орайда белгілі публицистің адамдық болмысын шәкірті Аманхан Әлімнің «ол кісі өте кең еді» деген толғанысы айқындай түсті. Кітаптың тұсаукесері барысында баспасөздің құдіреттілігін ұрпаққа жете меңгертіп кеткен әлеуетті журналиске деген өрімді естеліктер легі толастамады. Бұл

Р.С. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, Хайыржан Бекхожиннің өнегеге толы өмір өрнектерін бір басқосуда айта қою мүмкін емес. Осы кезекте журналистика тарихы кафедрасының меңгерушісі Сағымбай Қозыбаев сөз өнері мен қылақ қалам нарқасқаларын 4 наурызда журналистің 100 жылдық мерейтойына арнағанда: «Хайыржан Бекхожин – қазақ журналистикасы білімі мен ғылымының негізін салушы, атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда басқосуға шақырды.



рухани басқосу «жақсының аты өлмейді» деген қазақ даналығын ұрпаққа тағы бір үйреткендей болды. Өз кезегінде қазақтың төбелі азаматын ұлықтап жатқан ұлттық университетіне келіні Зайда апай батасын беріп, жылы лебізін жеткізсе, ректор Ғалымқайыр Мұтанұлы алда «Өнегелі өмір» сериясы бойынша Әмірбек Жолдасбеков, Тауман Амандосов сияқты ірі-ірі тұлғаларға арналған кітап дайындалып жатқандығын айтты.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

КӨЗАЙЫМ

Жақында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетінде Медеу Сәрсекенің авторлығымен «Бекмаханов» кітабының тұсауы кесілді. Кітап қазақ және орыс тілінде жарық көрді. Бұл бастаманы ҚР Байланыс және ақпарат министрі Асқар Жұмағалиев қолдаған болатын. Шараға ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов, Медеу Сәрсекенің, марқұмның жұбайы Халима Бекмаханова, факультет профессорлары мен студенттері қатысты. Ғалымның еңбегін Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихы кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор Талас Омарбеков пен т.ғ.д., доцент Берекет Кәрібаев таныстырып өтті.

«Бекмаханов» кітабының тұсауы кесілді

«Бұл кітаптың тұсаукесері қазақ елі үшін үлкен оқиға. Ұлтжанды арыстарымыздың бірі Ермұхан Бекмаханов кейінгі ұрпаққа ұлы мұрат қалдырды. Ол – қазақ елінің тарихы. Сондықтан бүгінгі Медеу ағамыздың бұл еңбегі біз үшін аса құнды. Осыған байланысты «Қазақ университеті» баспасынан «Өнегелі өмір» сериясы бойынша Ермұхан Бекмахановтың өмір деректері мен еңбектерінің жинағы шықты», - деді Ғалымқайыр Мұтанов тұсау кесер рәсімінің ашылуында.

Жақсы адамның көкірегінде тек ізгі сезім ұялағанда ғана кекшілдік пен күншілдікке жол берілмейді. Көкірек көзі ашық ғұламалар мемлекеттің ілгері бастаушысы әрі кейінгі ұрпаққа үлгі. Ермұхан Бекмахановтың қиында қыстау өмірі бұған дәлел. 1943 жылы А. Кучкин, А. Панкратова, В. Греков сынды белгілі тарихшылармен бірігіп «Қазақ ССР тарихын, 1947 жылы «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» монографи-

ясын шығарған. «Ермұхан Бекмахановты нағыз педагог деп білемін. Ол осы университетте өзінің тарихи мектебін құрды. Бұл Ерекеңнің қара шаңырағы болғандықтан кітапты, ең алдымен ҚазҰУ-ға әкелдік. Кітапта қазақтың күншілдігі, қызғаншақтық пен ішарлық қасиеттеріне тоқталдым. Біздің өркендеуімізге бөгет болып тұрған, міне осылар. Ортамыздан шыққан ақылы мен шеберлігі озық ақын-жазушыларға барынша қолдау көрсеткен жөн. Бәле-жаладан бойымызды аулақ ұстауымыз керек. Заман өзгергенмен, шындық ешқашан да өзгермейді», - деді Медеу Сәрсекенің кітабын ұсынып.

Профессор Талас Омарбеков кітапқа мінездеме бере отырып: «Бекмаханов кітабы – Медеу Сәрсекенің үшінші шығармасы. Оның алдында жазылған еңбектері қазақтың ұлы ғалымдары Қаныш Сәтбаев пен Ебіней Бөкетовтің өміріне арналған еді. Ол бір уақытта Мәскеуде және Қазақстанда шығып отырған тарихи құнды еңбек. Бек-



маханов сияқты ірі тарихшының өмірінде белгісіз тұстар жұмбақ болып қалған. Бұл деректерді тарихшылар қамти алмайды. Себебі олар қағаз бетіне жазылмай қалғандықтан архивте сақталмаған. Міне, соның бәрін жан-жақты іздеп, жиналған естеліктерді бір арнаға біріктіре білген Медеу ағамыз бүгінгі ұрпаққа тәрбиесі мол дүниені сыйға тартып отыр. Бұл оның әдебиет және тарих саласына қосқан үлкен үлесі», - деді.

Жиында басты кезекте бекмахановтанушы Медеу Сәрсекенің шығармашылығы бағаланды. Тарихшының деректермен жұмыс істеу шеберлігі осы еңбекте жақсы көрсетілген. Сондықтан жиылған қауым Медеу Сәрсекенің үш еңбегін мемлекеттік сыйлыққа ұсынды бір ауыздан қолдады. «Бекмаханов» кітабының жазылуына мұрындық болған марқұмның жұбайы Халима Бекмахановаға алғыс сөздер айтылды.

Әлия ДЕМЕСІНОВА

Барманкуловские чтения

ПРИМЕР

Имя Марата Карабаевича Барманкулова неразрывно связано с факультетом журналистики КазНУ. Много лет он возглавлял кафедру телевизионной и радиожурналистики, был деканом заочного журфака. Марат Карибаевич был одним из первых отечественных тележурналистов, основателем вещательной научной школы в стране, а также телевизионной и радиостудии в КазНУ.

В феврале Марату Карабаевичу исполнилось бы 74 года. Нужно сказать, что на факультете каждый год 13 февраля отмечают день рождения профессора Барманкулова, несмотря на то, что его нет с нами уже 11 лет. В этом году к юбилею Мастера 25 февраля кафедра телевизионной и радиожурналистики провела Международной «круглый стол» на тему «Электронные СМИ в условиях информационного общества: национальные и глобальные вопросы, перспективы развития». Желанными гостями факультета стали дочери Марата Карибаевича – Алуа и Галия и его сестра Баян Карибаевна Барманкулова.

Открыл «круглый стол» ректор КазНУ им аль-Фараби Г.М.Мутанов. Он отметил, что роль электронных СМИ в обще-

стве велика, но особенно подчеркнул, что немалое значение имеет контент, то, от чего зависит формирование общественного мнения и воспитание будущего поколения.

Очень проникновенные слова о друге и коллеге сказал профессор С.К.Козыбаев, президент Академии журналистики РК.

Программа конференции охватила множество тем, среди которых - вопросы развития электронных СМИ в условиях информационного общества, развитие новых средств массовой коммуникаций и телекоммуникационной индустрии, переход Казахстана к 2015 году на цифровой формат вещания, влияние электронных СМИ на духовно-культурную жизнь молодежи.

М.К.Барманкулов всегда заботился о творческом росте молодых журналистов, поэтому в формате «Барманкуловских чтений» прекрасно вписалось награждение победителей республиканского конкурса лучших теле и радиосюжетов, программ, документальных фильмов среди студентов. Среди лучших были отмечены студенты КазНУ им. аль-Фараби, университета «Туран», Академии Искусств им. Жургенова, КазГУ-МО и МЯ им. Аблайхана.

О.ПЛОЖНИКОВА

(Басы 1-бетте)

Осы орайда ұстаздық ұлағатын көріп, академиктің ағалық қамқорлығын сезінгендігін жеткізген министр Бақытжан Тұрсынұлы: "Бүгін бір ерекше қуанышты күн. Академикке арналып қаңдай тамаша ескерткіш ашылды. Халықаралық симпозиум өтуде. Тек қазақстандық емес әлемдегі ғалымдар жиналып Әмекеңнің қоғамдағы орнын ерекше атап өтуде. Бүгін біз Өмірбек Жолдасбековтің үлкен қайраткерлігі ретінде егемендік алғаннан кейін ол кісінің қосқан еңбегінің үлесін ұрпаққа насихаттап жеткізу үшін жиналып отырмыз. Өмірбек Арысланұлы ғылыми жаңалықтар мен жаңа мамандықтар, ғылыми орталықтар ашуға ұйытқы болды. ҚазҰУ-ға 16 жыл ректорлық еткен жылдары университеттің рейтингін бүкіл Одақтық деңгейге көтерді", — деп атап өтсе, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Президенті Мұрат Жұрынов: "Соңында іздеушілері, адал тәкірттері бар Өмірбек Арысланұлы, шын мәнінде, бақытты. Әмекең — еш уақытта аты өшпейтін, жарқын бейнесі жүректе мәңгі сақталатын ұлы абыз ардагер", — деген пікір айтты.

Академик ескерткішінің салтанатты ашылуынан кейін еліміздің әр аймағынан, шетелден жиналған симпозиум қатысушылары академик атындағы Студенттер сарайына жиналып, өнегелі өмірдің өрелі өрімдерімен бөлісті. Өмірбек өмірінен үзінді көрсетілген деректі фильмді тамашалып, ұстазты ұстаз бейнесін еске алды. Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков — М.Ломоносов атындағы Ресей мемлекеттік университеті механика-



БІРІНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖОЛДАСБЕКОВ СИМПОЗИУМЫ

400-ден аса ғылыми еңбегі жарық көріп, оның 70-і шетел тілдеріне аударылған. 100-ден аса өнертапқыштық авторлық куәлікке ие.

Ол тұңғыш рет әлемде теңдессіз жоғары класты механизмдер теориясын ашты. Тұңғыш рет өз Отанында Инженерлік ғылым академиясын ұйымдастырды. Тұңғыш рет машинатанудан қазақ тілінде оқулық жазды. Тұңғыш рет осы саланың



Кеңесіне алты рет депутат болып сайланды. Өмірінің соңына дейін тәуелсіз мемлекетіміздің Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық Инженерлік академиясының бірінші вице-президенті, Ислам елдері Инженерлік академиялар федерациясының вице-президенті болып сайланды. Осының бәрі кез келген адам атқарар шаруа, екіншісі біріне көрсетілер құрмет болмаса керек. Ендеше, атын мақтанышпен айтып, ісін кейінгі ұрпаққа үлгі етіп көрсететін тұңғыры биік Өмірбек Жолдасбеков — ұлтымен бірге жасай беретін алыстардың бірі.

Ол 1970-1986 жылдар аралығында қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырағы

саналатын қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры болды. Осы тұста оның ұйымдастырушылық қабілеті айқын көрінді. ҚазҰУ қалашығы бой көтергенде күндіз-түні басында жүрді. Қазір ҚазҰУ қалашығы десе — Өмірбек Жолдасбеков, Өмірбек Жолдасбеков десе — ҚазҰУ қалашығы көз алдыға келеді. Көп жылдар бойы (1970-1986 ж.ж.) Өмірбек Арысланұлы тұтастай өзінің бар күш-жігерін Орталық Азиядағы ең ірі оқу және ғылым орталықтарының бірі Қазақ мемлекеттік университетіне арнап, оны заманауи ғылым мен жоғары білімнің алдыңғы шебіне шығарды. Студенттік ҚазҰУ қалашығының құрылысы тікелей академиктің

атымен байланысты. Бұл орталық — Азиядағы Новосибирскіден кейінгі тұрғызылған екінші студенттік қалашық. ҚазҰУ қалашығы Ө.Жолдасбековтің іскерлігі мен ұйымдастырушылығының арқасында тұрғызылды деуге болады.

Ғұмырын ғылым мен қайраткерлікке жұмсаған Өмірбек Жолдасбеков есімі осылайша, симпозиум арқылы тағы бір асқақталып, ҚазҰУ қалашығының рухы бір көтерілді. Жаңадан көтерілген академик ескерткіші өзі негізін қалаған ҚазҰУ қалашығына тағы бір кезек бас-көз болып тұрғандай әсер қалдырды. Жолдасбеков рухы бой алған ҚазҰУ қалашығы, осылайша, өз арыстарының өмір тынысын, ғылыми еңбегін болашаққа жалғады. Бұл игі іс еліміздің, тіпті әлемнің әр бұрышынан келіп қасиетті қарашаңырақта білім алып жатқан студенттерге ұлттық болмыс пен Отанды

сүю, ғылымды құрметтеу, адал еңбек ету мәртебесін тағы бір сездіртті.

Бірінші халықаралық симпозиум аясында сонымен қатар, ҚазҰУ қалашығында физика факультетінің соны құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген заманауи жаңа оқу ғимараты ашылды. Жаңа ғимаратты ҚР Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов, ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов және симпозиум қатысушылары аралап көрді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ физика факультетінде базалық білім ретіндегі мамандыққа ие талантты жас физик-мамандар бүгінгі таңда АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Германия, Франция, Жапония және т.б. елдерде өз білімдерін жалғастыруда және жұмыс жасауда. Көптеген факультет түлектері танымал, белгілі ғалым атанып, Қазақстан мен шетелде физика және қолданбалы технологияның дамуына аса зор үлес қосып жүр. Мұнан өзге мақтан тұтарлық базалық физикалық білім мен бизнес және мемлекеттік басқаруда да үлкен жетістіктерге жетуі мүмкіндік жасаған атақты түлектер бар.

Р.С. Ғалымды ұлықтаған халықаралық симпозиум аясында, сонымен қатар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті механика-математика факультетінде Республикалық «Дарын» ғылыми-зерттеу орталығымен бірлесе отырып, 1-2 наурыз аралығында механика-математика саласы бойынша оқушылардың зерттеу жұмыстарының халықаралық байқауы өтті. Байқауда Ресей, Болгария, Қырғызстан және Тәжікстанда өткен ұлттық ғылыми жоба жеңімпаздары мен қазақстандық I, II және III деңгейлі орта мектеп жеңімпаздары бақ сынасты.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА



математика факультетінің түлегі. Қазақстанның үздік оқу орны С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) басшысы қызметін атқарды. Қазақстан жоғары оқу орындары ректорлары алқасының төрағасы болды. Жоғары дәрежелі маман даярлап, ғылыми кадр, университеттің материалды-техникалық базасының дамуына үлкен еңбек еткен азамат. ҚР Парламент мәжілісінің депутаты бола тұра, ғылым мен білім жүйесін басқаруға да атсалысты.

Ол инженер ретінде кез келген ғылыми зерттеудің тәжірибе жүзінде іске асуына көп көңіл бөліп, робот және машина механикасының мықты мектебін құрды. Өз қызметтес серіктестерімен ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты арттырған ҚР Ұлттық инженерлік академиясының негізін қалады. Академиктің





8 наурыз СІЗ ҮШІН қандай мереке?

(Баспа 1-бетте)

Үлкен құрмет пен сый-сияпат күні

8 наурыз – біріншіден халықаралық әйелдер күні, екіншіден наурыз айы, қар астынан бәйшешектер көрініп, табиғат оянатын шақ.

Бұл күн – мемлекеттік тұрғыдан жылда аталып өтетін үлкен мереке. Асыл аналарымызды, сүйікті жұбайларымызды, аруларымызды құттықтайтын күн.

Мен үшін бұл күн – өзіміздің университетте, факультеттерде қызмет ететін аруларды гүл шоқтарымен, жылы лебіздерімізбен, сүйспеншілікпен құттықтайтын күн. Оларға деген үлкен құрмет пен сый-сияпат көрсететін күн.

Сондай-ақ өзімнің жұбайымды, келіндерімді, қарындастарымды, құр-

быларымды, шаттыққа бөлеп, гүл шоқтарын сыйлап, қуанышқа бөлейтін күн. Үйде дастархан жайылып, достар, туыстар жаулы дастарханда бас қосып, мәз-мейрам, мәре-сәре болып көңіл көтеретін күн.

Сапаров Қуандық Әбенұлы,
б.ғ.д., профессор, академик

Әйелге тән әдемілік пен нәзіктіктің мәңгі белгісі сияқты

Өзінің бастауын өткен ғасырдың басынан алған, дәлірек айтсақ, 1910 жылы Копенгаген қаласынан алған 8 наурыз Халықаралық әйелдер мейрамы – ер азаматтардың назарынан тыс қалмайтын мерекелердің бірі.

8 наурыз – біздің жүрегімізді шуаққа бөлейтін ананың алақаны сияқты көктемнің алғашқы мерекесі. Табиғаттың оянуы осынау шуақты мерекеден бастау алатыны тегін болмаса керек.

Көк желекті көктеммен бірге қуаныш сыйлай келетін аяулы аналарымыздың, әпкелеріміздің, қарындастарымыздың төл мерекесі – 8 наурыз мейрамын бәріміз асыға күтеміз. Ер азаматтар бұл күні гүл, сыйлық дайындап, анасының, қарындастарының, сүйіктісінің жүрегіне қуаныш сыйлауға асығады.

Жер бетіндегі жақсылық атаулы аналардың үлкен жүрегімен арнамадосы, әресе осы мерекеде олардың еңбектерін бағалап, сый құрмет көрсету парызымыз.

Осы бір тамаша көктем мерекесі әйелге тән әдемілік пен нәзіктіктің мәңгі белгісі сияқты.

Біздің қазіргі қоғамымызда әйел тек отбасының бәреке-бірлігін ойған

тын тұлға ғана емес, ол көмекші өміріне және саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі. Сондықтан біздің елімізде әйел адамның әлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға айрықша маңыз беріледі. 8 наурыз мерекесі көктемнің басталуымен келетін ең бір сыйлы мейрамдардың бірегейі екені даусыз. «Жұмақ ананың аяғының астында», «Анаңды 10 рет Меккеге арқалап апарсаң да, анаңның ақ сүті ақталмайды» деген қазақ халқының сөздері ананың қадір-қасиетінің қандай екендігін көрсетеді.

Қымбатты ханымдар! Сіздердің атыңызға айтылатын ақ алғыстар мен жылы сөздер еш уақытта талқамас. Көктемнің басынан бастап мерекелік көңіл-күй Сіздердің әріптестеріңіз бен күш-жігерлеріңіздің қуат көзіне айналсын. Сіздерге және отбасыларыңызға арқашан бақыт және сәттіліктер тілеймін.

Ахметов Әбдікерім Ағаділұлы
«Экономика және бизнес»
Жоғары мектебі
«Қаржы» кафедрасының
оқытушысы

Сыйластық пен ізеттің арта түсер мейрамы

Бұл күн Халықаралық әйелдер мейрамы болғандықтан, мен үшін бұл күннің орны ерекше. Себебі, әлдеқайда аяулы аналарымыздың, әпкелеріміздің еркелете білетін әжелеріміздің, сүйікті де сүйкімді аруларымыз бен қарындастарымыздың мерекесі. Жадыраған көктем мезгілімен қатар келетін бұл күнді мен атаусыз қалыпмаймын. Бұл күні барынша бүкіл әйелдерімізге жақсы ізет, сыйластық ниет білдіруге тырысамын. Бұл күннің менің ойымша, басты мақсаты міндетті түрде сыйлық жасау емес, ең

маңыздысы шын ниетпен көңіл білдіре білу. Сондықтан да қара шаңырақта оқыр жатқан барша әйел қауымын шын жүректен мерекелерімізді құттықтаймын. Сіздерге бақыт, табыс, қуаныш тілей отырып, арқашан гүлдей жайнап, күн шуағындай құлпырып жүре беріңіздер дегім келеді.

Әлібек ИБРАЕВ,
«Маркетинг және коммерция»
кафедрасының 2-курс магистранты,
«ҚазҰУ аруы» байқауының
жетекшісі

Б.Г. Нуржанов,
профессор кафедрасы
культурной антропологии

Светлый весенний праздник, символизи- рующий любовь

Светлый весенний чудесный праздник, символизирующий любовь, нежность, ласку, радость, красоту – все то, что мы связываем с женщиной, - мамой, любимой, дочерью, коллегой.

Он напоминает мне, что я сын, что у меня есть (или была) мать, родившая и воспитавшая меня, одарившая меня самой искренней бескорыстной любовью, и которая для меня остается самым любимым человеком; напоминает, что я черств и неблагодарен по отношению к ней, редко вспоминаю и мало уделяю ей своего внимания, и уж совсем редко даря ей подарки.

Он напоминает мне, что я муж, глава семьи и должен быть ответственен за нее более, чем кто-либо в семье; что рядом со мной живет Она, которую рутина и привычка стремится превратить для меня в «она»; что были времена, когда у меня все трепетало и волновалось внутри при ее появлении, и хотелось видеть только Ее и общаться только с Ней; когда от Ее «да» зависели мое счастье, будущее и, казалось, жизнь.

Праздник напоминает мне, что рядом со мной живет еще одна любимая женщина, смотрящая на меня снизу вверх, уверенная, что я самый сильный, самый умный и самый добрый папа, и любящая меня не меньше первых двух женщин. Она еще не знает, что такое зло, предательство, ненависть, и уверена, что мир и люди также добры как мама и папа, и я хочу, чтобы она узнала об этих «плохих вещах» как можно позже.

Он напоминает мне, что я мужчина, а не просто «человек», что меня окружают не только дома и на работе, но и везде в моей жизни, женщины – «прекрасная половина человечества», без которой мир тотчас же потерял бы и свою красочность, сочность, «пряность», и свою яркость, цвета, «хроматизм», и, наверное, половину своего смысла.

Есть древнегреческая легенда, повествующая о том, что вначале люди были андрогинами и соединяли в себе как мужское, так и женское начало, и были они сильны, красивы и умны. И лишь затем боги расщели их пополам на мужчин и женщин. Но я почему-то думаю, каким скучным был мир андрогинов, если в нем не было любви, страсти, чувственности, если он мог полюбить только самого себя и родить только свою точную копию.

Мощный корпоративный дух – фундамент дальнейшего развития КазНУ

На заседаниях ректората не раз обсуждался вопрос о трансформации КазНУ в национальный исследовательский университет. Однако решение новой стратегической задачи невозможно без определения базовых принципов в сфере моральных ценностей и повседневного общения членов коллектива университета. Большое значение в этом процессе имеет формирование корпоративной культуры университета, главным производителем, носителем и транслятором которой является педагогическое и студенческое сообщество. Мощный корпоративный дух – есть фундамент дальнейшего развития КазНУ.

Мы приглашаем всех преподавателей, сотрудников и студентов к обсуждению проекта «Кодекса корпоративной этики преподавателя и сотрудника КазНУ им. аль-Фараби». Все ваши замечания и предложения будут с благодарностью приняты и рассмотрены.

ПРОЕКТ КОДЕКСА КОРПОРАТИВНОЙ ЭТИКИ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ И СОТРУДНИКА КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ

Преподаватели и сотрудники КазНУ обязаны:

1. Разделять миссию университета и в профессиональной деятельности соотносить свою индивидуальную миссию с корпоративной.

2. Принимать на себя ответственность за реализацию заявленных университетом целей и задач, чувствовать свою причастность к результатам деятельности университета.

3. Выполняя свои служебные обязанности, проявлять высокую культуру, ответственность, добросовестность, академическую честность и объективность.

4. Стремиться к высокому профессионализму, постоянно работать над повышением уровня своих знаний, изучать отечественный и зарубежный опыт для достижения высоких результатов в работе.

5. Руководствоваться принципами взаимного уважения, корректности, доброжелательности в отношениях с коллегами и студентами.

6. Быть для студентов личным примером трудовой дисциплины, уважительного и бережного отношения к своему университету, его традициям, истории.

7. Проводить воспитательную работу со студентами, формировать у них высокое духовно-нравственное и гражданско-правовое сознание, уважительное отношение к религиозным убеждениям и этнокультурным ценностям других членов сообщества.

8. Заботиться о своем здоровье и о здоровье окружающих, способствовать распространению эстетической и экологической культуры.

9. Воздерживаться от участия в какой-либо деятельности, противоречащей интересам университета. Преподаватели и сотрудники КазНУ не имеют права:

1. Унижать личное достоинство коллег и студентов, использовать нецензурные выражения, повышать голос, проявлять фамильярность и высокомерие.

2. Публично обсуждать личную жизнь коллег или их личные недостатки без их согласия.

3. Появляться в университете в нетрезвом виде и курить на территории университета.

4. Принимать от студентов подарки или денежное вознаграждение с целью оказания влияния на результаты учебного и научного процесса.

5. Проводить в стенах университета агитацию, связанную с распространением религиозных убеждений и деструктивных политических идей.

6. Опаздывать на работу, сокращать время проведения занятий или выполнения своих служебных обязанностей, пропускать их без уважительной причины.

7. Проявлять грубость и невнимание при выполнении своих служебных обязанностей.

8. Пользоваться мобильной связью во время занятий.

9. Допускать предвзятое отношение к студентам и субъективизм при оценке их знаний.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,
Уәли ҚЫДЫРОВ
Беттеуші – Талғат АХМЕТҚАЗЫ
Фототілші – Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000 дана.
Индексі 65989.
Тапсырыс №10140

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.